

A00016 22.10.2020

**Бастауыш сынып оқушыларының
оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру**

АНЕТОВА ДИНАРА ОРАЗАЛИЕВНА

*Түркістан қаласы. Некрасов атындағы № 9 мектеп-гимназия
Бастауыш сынып мұғалімі*

Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой – өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады.

Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты-болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық – психологиялық өзгешеліктеріне байланысты. Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді.

Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейлінше сапалы болуына байланысты. Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға сүйенеді. Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет.

Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларынағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал , жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді. Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады.

Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді. Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс:

- әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;
- әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс, бірдей жазу;
- әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу;
- әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте-бірте жазу қарқынын тездете түсу.
- түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор.
- сөздікпен жұмыс істету.
- тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату;

· сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру

Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Мен өз сабақтарымда іскерлік ойындарды оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданамын. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болатынын байқадым.

Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Математикада "Кім жылдам", "Ең үздік есепші", "Хоккей" ойындары тез санауға үйретеді. "Бағдаршам", "Дым білмес" ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталаынады. Ал "ғарышкерлер" ойыны ғылым жетістіктерімен, "Футбол", "Хоккей" ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. "Ағашты кім тез отырғызады" ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді. Идеялар банкі. Бұл әдіс ой майданы деп аталады. Топтық алдына бір міндет қойылады, осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше жаңа, тың ұсыныстар айту керек. Барлық ұсыныстарды топ жинап алып, оларға баға береді. Бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылып, ол ұсыныстар тексеріліп, бағаланады және ең жақсы ұсыныстар таңдалып алынады.

Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті- оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру. ана тілі , дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс- тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын. Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

- 1) Оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтың тыс шараларда да пайдалануға болады.
- 2) Тілдік ойындар: Ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.
- 3) Драмалық, рөльдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.
- 4) Психологиялық ойындар.
- 5) Грамматикалық ойындар т.б

Сонымен бірге ұлттық ойын түрлерін де кезектестіре, сабақ тақырыбына байланысты пайдаланамын. Жаңа материалдарды түсіндіру кезінде «Бәйге», «Көкпар», «Асық» секілді ойындарды ойнатамын.

Қорыта келе айтарым баланың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар осындай жұмыстар

- Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып, білімдегі кемшіліктерді жоюға;
- Оқушының тіл байлығын арттыра отырып , ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезігіндегі қалыптасатын дағдылары

- Өз ойын-пікірін жеткізе білуге;
- Ізденгіштікке ұмтылуға;
- Құбылыстарды шынайы бағалай білуге;
- Толық фантазиялық еркіндікке;
- Орфографиялық сауаттылықты нығайту оң әсерін тигізіп, жақсы нәтиже береді деп есптеймін.

A00017 22.10.2020

Бастауыш сыныптарда топтық жұмыстың тиімділігі

*АХМЕТОВА ГҮЛДАНА ПЕРНЕБАЕВНА
Түркістан қаласы Некрасов атындағы
№9 метеп-гимназия Бастауыш сынып мұғалімі*

Әдебиеттік оқу пәнін өткізу кезінде бағдарламада ұсынылған жеті модульде қарастырылған идеяларды пайдалана отырып, сабақтарымды өткіздім. Оқушыларды әр сабақта бірлескен топтық жұмыстарға тартуға тырыстым. Топтық жұмыстардың ережелерін оқушылармен бірігіп құрастырдым. Топтық жұмысты жасауда ынтымақтастық атмосфера жасадым. Топтасу барысында әр оқушы қамтылды. Оны тренингтер арқылы жүзеге асырып отырдым. Сынып оқушылары өте жоғары қызығушылықпен кірісіп кетті. Сабақ барысында тапсырмаларды өздері талдап, бір шешімге келіп, бір-бірін тыңдап, әрқайсысының пікірі құнды екенін білді.

Алғашқы сабақта оқушыларды біріктіру үшін топтарға бөліп отырғыздым. Кейінгі сабақтарда топтағы оқушылар орындарымен ауыстырылды. Әр сабақта топтарды өзгеріп отырғанын қадағалауға тырыстым. Өткізген сабақтарымдағы менің ендігі рөлім бағыт беруші, оқушының ойын толықтырушы, топтық ережелерді сақтау барысын қадағалаушы, оқушылардың білім деңгейін бағалаушы, бақылаушы. Сабақ барсында АКТ-ны жиі пайдаланып отырдым. Өйткені АКТ арқылы оқушылардың ойлау қабілеті мен тіл байлықтары дамыды.

Сабақта берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылау барысында оқушы өз білгенін өзгеге түсіндіре отырып, өзгенің түсінгенін ой иелегінен өткізу арқылы пікір алмасуы, ойларын толықтыруы, жинақтауы айқын байқалып отырды. Жаңа бағдарлама бойынша өткізген сабақтарымда оқушылар жауаптарын ауызша айтып ғана қоймай, ойларын жеткізу мақсатында қағаз бетіне түсіріп немесе презентация құрып, тіпті тақырып бойынша көрініс

көрсетіп, өлең жолдарын шығарды. Бұдан қорғаудың әр түрін қолдана отырып, әр оқушыға өзін әр қырынан көрсетуге мүмкіндік болды.

Топтық жұмыс әдебиеттік оқу сабақтарында өте тиімді, себебі оқушылар өз ойларын жеткізе біледі. Топтық жұмыс өткізген барысымда мынадай өте қызықты сабақ өтетінін білген жоқпын. Топтық жұмыста бәрі қызу жұмыста, біреуі сурет салса, біреуі өз ойын салуда. Дәстүрлі сабақтарымды салыстырып кететін болсам, оқушыларым жалығып отырушы еді. Ал топтық жұмыста жалығып отырған оқушылар қызығушылығы артып, жұмылдыра жұмыс жасай біледі. Орташа оқитын оқушы төмен оқитын оқушыларымен ойларын бөлісіп жатыр. Ал дарынды балалар орташа оқитын оқушыларға кеңес бағыт бере отыра көмектесті. Жаңа әдісті қолданып ұсынған тапсырмаларда оқушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап, өздеріне ұсынылған тапсырманы орындау жолдарын іздеу барысында топпен шешіп, бір-бірінің көмегіне жүгінді. Яғни, бұл жерде Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады.

Бұдан оқушыларды топтық жұмысқа итермелеу арқылы, әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай ойларымен бөлісуге ерікті. Берілген тапсырманы орындау барысында әркім өз идеяларын ортаға тастап, өзара рөлдерге бөліне отырып, берілген уақытты тиімді пайдалануға тырысып отырды. Ал түсінгендерін топпен қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы кеңінен талқылап отырды. Менің ойымша осы сабақтарда сыни тұрғыдан ойлауға, білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер, білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау, білім берудегі басқару және көшбасшылық және талантты мен дарынды балаларды оқыту модульдері араласып өтілді. Әсіресе, әдебиеттік оқу пәнінде «Адам болам десеніз» тарауы бойынша өтілген әрбір тақырыпты өту барысында тиімді, нәтижелі топтық жұмыс формасын жиі қолдандым. Себебі, топтық жұмыс оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалім араларындағы білім алу, білім беру әрекеттері үлкен орын алатынын көруге болады.

Оқушылармен топтық жұмыс жүргізу алдында оларды қабілетіне, қызығушылығына, икеміне, біліміне қарай лайықтап алдым, тексеру мен бағалаудың әділдік, жариялылық талаптарын орындау, ұстаз бен шәкірт ынтымақтастығы арқылы оқушының белсенді ойлауына, белсенді сөйлеуіне, шығармашылығына қол жеткізу біздің өтіп жатқан тәжірибеміздің болашағы деп ойлаймын. Сабақ тиімді өту үшін көп ізденушілік, жауапкершілік керек.

A00018 22.10.2020

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

СЫЗДЫКОВА АЙЖАН САРСЕНБЕКОВНА
Түркістан қаласы М.Жұмабаев атындағы
№15 мектеп- гимназия. Бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда білім сапасы - бұл әлемдік білім беру қауымдастықтарының көпшілік пікірталастарының тақырыбы. Осыдан үш-төрт жыл бұрын бұл пікірталастар дәстүрлі білім беруге қатысты болса, қазір электронды оқытуға сапа ұғымы қолданылады.

Ең дамыған елдердің оқыту үдерісіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу тенденциясы қазіргі уақытта білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер үдерісі жүріп жатқанын көрсетеді. Білім беру сапасына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес білім беру мекемелерін қайта жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. ЖОО оқытушылары мен қызметкерлерінің алдында тұрған жетекші міндеттердің бірі - қашықтықтан білім беру жүйесін енгізу ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялардың білім беру үдерісіне жағымды әсерін қамтамасыз ету, яғни. күшті жақтарын дамыту және жағымсыз жақтарын азайту қажеттілігі.

Қашықтықтан оқытуды күндізгі және сырттай оқу сияқты классикалық оқыту түрлерінен айыру керек. Қашықтықтан оқыту оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формаларына ие, оны жүзеге асырудың әр түрлі әдістері, студенттердің, сонымен қатар студенттер мен мұғалімдердің өзара әрекеттесу формалары түбегейлі ерекшеленеді. Алайда, білім берудің классикалық формалары сияқты қашықтықтан оқыту мақсаты, мазмұны, міндеттері, іске асыру формалары мен оқу құралдарының болуымен сипатталатынын түсіну керек. Осыған сүйене отырып, біз қашықтықтан оқытуды жалпы білім беру жүйесінде өмір бойы білім берудің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек деген қорытынды жасауға болады.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам білім беру жүйесіне өз талаптарын қояды, олардың негізгісі келесідей тұжырымдалуы мүмкін:
Ғылыми білімді өз бетінше табу, жинақтау және қайта қарау мүмкіндігі;
Студенттердің қазіргі ақпараттық қоғамда өз бетінше бағдарлай алу қабілеті;
Қашықтықтан білім беруді енгізу және қолдану сапасын келесі көрсеткіштер арқылы бағалауға болады:

- Тиімділік (білімді игеру дәрежесі, жинақталған білімді практикада қолдана білу, оқу үлгерімі);

- Ресурстың қарқындылығы (қаржылық шығындар, материалдық ресурстар, сыныптар, мұғалімдер және т.б.);
- Тиімділік (білімді игеру уақыты, оқушыларға есеп беру және т.б.);

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қашықтықтан оқыту үдерісінің тиімділігі көрсеткіштеріне жатқызуға болады.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу барысында бірнеше жағымсыз жағдайлар кездеседі.

Оқу процесінде адам факторы маңызды рөл атқарады, өйткені мұғалім оқушымен тікелей байланыста белгілі бір дағдыларды аудары алады және сіңіре алады, ал қашықтықтан білім беру кезінде ол толығымен немесе ішінара жоғалады;

Бұрынғы оқыту әдістері жаңа технологияларға сәйкес келмейді, ал оқу мен оқу материалдарының көпшілігі қашықтықтан оқытуға жарамсыз; Кейбір мамандықтар бойынша қашықтықтан оқу мүмкін емес, өйткені кейбір пәндер оқытушының бақылауымен өткізілетін күрделі зертханалық семинарларды қажет етеді.

Көптеген мұғалімдердің ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының жоқтығы. Осыған байланысты қашықтықтан білім беруде қолдануға жарамды оқу материалын дайындауда қиындықтар туындайды. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға оқытушыларды даярлауға кететін шығындар, сондай-ақ қажетті техникалық құрал-жабдықтар алу үшін университеттің қаржылық шығындары.

Қашықтықтан оқытуға қажетті ұсынылған оқу материалдарына қойылатын талаптарды стандарттау қажеттілігі. Сондай-ақ, қашықтықтан оқытуды енгізу кезінде туындайтын мәселелердің бірі - студенттер арасындағы білімнің болуын бақылау. Студенттің пәнді игеруге және білімнің бар екендігін растауға қажетті белгілі бір тапсырмаларды өз бетінше орындайтындығына толық кепілдік жоқ. Бұл мәселенің ішінара шешімі - on-line бақылау немесе аралас оқыту технологияларын қолдану.

Барлық экономикалық және әлеуметтік мәселелерге қарамастан Ресейде қашықтықтан білім беру қарқын алуда. Еліміздің ең прогрессивті университеттерінің командалары ғана емес, олардың арасында білім берудің осы түрін жақтаушылар көбейіп келе жатқан студенттердің өздері де қашықтықтан оқытудың уәдесі, өміршендігі және оның барабар екендігіне (қалыптасқан дәстүрлі формаларға қатысты) сенді.

Айтылғандарды қорытындылай келе, қашықтықтан білім берудің барлық жағымсыз жақтарына қарамастан, мен қолданыстағы ақпараттық технологияларды университеттердің оқу үрдісіне енгізуге және формасы жағынан анағұрлым жетілдірілген және Қазақстан жағдайларына бейімделген жаңа технологиялардың дамуына үміт білдіргім келеді.

A00029 22.10.2020

**Химия сабағында оқушылардың сыни
тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту**

РАХИМБАЕВА МЕНДИГУЛ ТУРАРОВНА

Қарағанды облысы. Шет ауданы. Ақшоқы ауылы.

"Қызылтау" негізгі орта мектебінің химия пәні мұғалімі

Әлем елдері білім беру үдерісінде үздіксіз өзгеріп тұратын өмір жағдайына тез бейімделетін, жолын айқын да дұрыс таңдай білетін, қоғамға жақсы ықпалын тигізетін оң көзқарасты, рухани бай тұлға дайындау жолында әртүрлі білім беру технологияларын іске асырып келеді.

Қазіргі уақытта әрбір үйден теледидар, радиоқұрылғылар, газет – журналдар көруге болады. Компьютермен жабдықталмаған, интернет көздері іске қосылмаған мекемелер жоқтың қасы, оған әрбір адамның ажырамас тұтынушы құралдары ұялы телефон, смартфон, планшет, т.б. электронды құралдарды қосыңыз. Бұл құралдардың барлығы кез келген уақытта қажетті ақпаратпен адамды қаруландыра алады. Сондықтан қазіргі кезде қоғам алдында мұғалім ақпарат көзі ретіндегі беделінен айырылуда. Бір жағынан бұл мұғалім жұмысы үшін тиімді де, себебі ақпаратты қажетсінген адам өз ізденісі арқылы мақсатына қол жеткізе алады. Уақыт өткен сайын бір жаңалықтан кейін тағы бір жаңалық ашылып, ғылыми – техникалық, электрондық прогресс секірмелі түрде, қарыштап дамуда.

Демек, заманауи өзгерістерге бейімделе отырып, еліміздің өркендеуіне, ұлттық тектің жоғалмауына, экономиканың гүлденуіне үлес қосу үшін мемлекеттің тірегі білім беру саласын қажетті өзгерістермен толықтырып отырудың да маңызы зор. Бұл мәселені қарастыруда Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін реформалау процесін зерттеп, тиімді өзгерістер енгізуде. Қазіргі таңда білім саласында «естісем ұмытып қаламын, көрсем есте сақтаймын, ал қолыммен жасасам үйреніп аламын» қағидасы бойынша оқушыларды ізденіске, белсенділікке итермелейтін оқыту технологиялары енгізілуде. Соның бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін ең маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауды көздейді.

Сын тұрғысынан ойлау – бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және жинақтауда қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану кіреді.

Негізгі бөлім

Пәндік білімді оқушыларға игерту үшін қазіргі таңда мұғалім оқушылар үшін ақпарат көзі емес, бағыт – бағдар беруші, іс – әрекетке итермелеуші, дағдыландырушы ролін иемденуде. Осы орайда химия пәнін оқыту кезіндегі түрлі тәсілдердің бірі Блум таксономиясына тоқталғым келеді. 9 – сыныптағы §37. Темір тақырыбы бойынша сабақты төмендегідей тәсілмен өткіздім. Сабақ оқушыларды топқа бөле отырып, жаңа тақырып бойынша бірден ізденіске итермелеуден басталды.

I. Білу. Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей.

Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

Оқушы: Қолданылған терминдерді үйренеді (есте сақтайды және қайталайды), нақты фактілерді анықтайды, жұмыстың орындалу ретін біледі, негізгі ұғымдарды түсінеді, ережелерді, қағидаларды есінде сақтайды.

Тапсырмалар түрі: Не? Қашан? Қандай? Қайда? Формула жазу, атап көрсету, жабық тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.

Мысалдар: Кесте түрінде әрбір оқушыға үлестірме таратылды.

Сұрақ	Жауап
Темір таңбасы қандай?	
Реттік нөмірі нешінші?	
Салыстырмалы атомдық массасы қанша?	
Темір нешінші топта орналасқан?	
Темір нешінші периодта орналасқан?	
Электрондық құрылысын жаз.	
Неше валентті?	
Тотығу дәрежесі қандай?	
Металл ма, әлде бейметалл ма?	

II. Түсіну. Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Оқу материалын түсінгендіктен келесідей әрекеттерді атқаруға болады:

Трансляция – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, химиялық формуланы сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, реакция теңдеуін жазу, т.б.);

Интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау, логикалық қорытынды;

Жорамалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Оқушы: Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді, сөзбен келтірілген материалды схемалар, реакциялар арқылы түрлендіреді, берілген ақпарат бойынша болашақта туындалуы ықтимал салдарын сипаттай алады.

Тапсырмалар түрі: Қалай? Неліктен? Сөйлемді аяқтаңыз; сөйлемді өзгертіңіз; өзара байланысын түсіндіріңіз; айырмашылығын көрсетіңіз; өз сөзіңізбен айтыңыз; графикті, суретті түсіндіріп беріңіз.

Мысалдар: №1. Темірді өндірісте қалай алады?

№2. Реакцияны формулалар арқылы аяқта және теңестір. Топқа арналған тапсырма.

1 – топқа:

Реагенттер мен өнімдердің атауы	Реагенттер мен өнімдердің формуласы	Реакция жүреді (+), реакция жүрмейді (-) таңбасын қой. Оның себебін жаз	Реакция қандай типке жатады?
темір + хлор →			
Темір + тұз қышқылы →			
Темір + мыс хлориді →			
Темір + күкірт →			

2 – топқа:

Темірдің тат басу процессін түсіндір және реакция теңдеуін жаз.

3 – топқа:

Темірдің биологиялық маңызын анықта.

III. Қолдану. Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Шәкірт: Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады, заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады, әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолдану ретін көрсетеді.

Тапсырмалар түрі: Жасап көр; таблица, график жаса; қолдану мақсатын түсіндір; есепті бірнеше тәсілмен шеш, берілген гипотезаны тексер.

Мысал: Сабаққа қатысты әр түрлі бейнероликтер арқылы виртуалды түрде реакциялар көрсетілді. Қажетті құрал – жабдықтар болса тәжірибе көрсеткен дұрыс..

№1. Темірдің қолданылу салаларын анықтай отырып ассоциация құрындар.

№2. Темір шегелерді күкірт қышқылы, мыс сульфаты, күміс нитраты ерітінділері құйылған сынауықтарға салғанда жүретін реакциялардың теңдеуін жаз.

№3. Алюминотермия әдісі арқылы 3 кг темір (II) оксидінен қанша таза темір алуға болады?

IV. Талдау. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді.

Оқушы: Жасырын (байқалмайтын) жәйттерді ашады, ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды, фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады, ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.

Тапсырмалар түрі: Құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз; салыстырыңыз; себебін талдаңыз.

Мысалдар: **№1.** Темірдің (II) және (III) оксидтерінің қандай айырмашылығы және ұқсастығы бар?

№2. Темір сұйытылған азот қышқылымен қалай әрекеттеседі? Реакция теңдеуін жазындар.

№3. Темір және оның құймаларының басқа металдармен салыстырғанда көп өндірілу себебі не?

V. Синтез (жинақтау, жүйелеу). Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.


Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Оқушы: Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады, тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады, қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады.

Тапсырмалар түрі: Өз шешіміңізді табыңыз, алгоритм құрастырыңыз, баламасын табыңыз, бөліктерден құраңыз, жүйелестіріңіз, зерттеңіз.

Мысалдар:

№1. Сызбанұсқа бойынша химиялық реакция теңдеулерін жазындар:



№2. Темірдің гидроксидтерін қалай ажыратуға болады?

№3. Темірдің құймаларын ата және қолданылу салаларын схемамен келтір.

VI. Бағалау. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Оқушы: Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды, ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындайды, жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.

Мысал: оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін қадағалау мен арттыру мақсатында сыныпта үздіксіз бағалау және рефлексияны пайдаланады.

- Бүгінгі сабақта сіз үшін не аса маңызды болды?

- Бүгінгі сабаққа қатысты қандай сұрақ сіз үшін аса маңызды болып табылады?

- Бүгін оқығаныңыз басқа сабақтармен немесе мектептен тыс өмірмен қалай байланысты? Осы сұрақтар бойынша оқушыларға тақырып бойынша «бір минуттық мақала» жазу тапсырылды (интерпретация).

Оқушы жауабын бағалау:

Сабақ барысында оқушылардың топтық жұмыстарын бақылай отырып, топ ішіндегі баға қоюға қажетті оқушылардың жеке жұмыстарын басты назарда ұстау керек. Қадағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет.

Сыныптағы іс – әрекетті, яғни, балалардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырманы орындап отырғаноқушыларды қадағалау немесе олардың орындаған сынып және үй жұмыстарын тексеру бірталай ақпарат беруі мүмкін, бірақ кей жағдайларда қажетті ақпаратты алудың ерекше ойластырылған тәсілін қолдану керек болуы мүмкін.

Бұл орайда бағалайтын оқушыларды формативті түрде бағалауға, ашық журналдар пайдалану арқылы бағалауға болады. Немесе оқушыларды сабақ басында бағалау критерийлерімен таныстырып, әрбір дескриптордың ұпайын көрсету қажет. Осыдан соң әрбір оқушы өзін немесе әріптесін бағалауда сол дескрипторлар арқылы ұпайларын есептеп соңында «5» балдық жүйе бойынша қорытынды бағасын шығарады. Бұл әдісті нақты бағаланатын оқушыларға арнап мұғалім пайдаланса да болады.

Блум таксономиясы бойынша бағалау парақшасының үлгісі:

№	Оқушының аты - жөні	Біл у	Түсін у	Қолдан у	Талда у	Жинақта у	Бағала у	Қорытынды баға

Кальций және оның қосылыстары тақырыбын өткенде оқушыларды жинақтау мақсатында жақсы тілектер ағыны тренингісімен бастадым. Үй тапсырмасын тексеруде жеке оқушымен ең-ең ойыны ойналды және топтарға сұрақтар берілді. Жаңа тақырыпқа көшу барысында құпия сан ойынын пайдаланып есеп шығарттым. Есеп шығару нәтижесінде оқушылар жаңа тақырыптың не жайлы болатындығын анықтады және сол тақырып бойынша өздерінің білетіндерін ортаға салды. Тақырып ашылғаннан кейін топтарға тапсырмалар беріліп постер қорғау ұсынылды. Жаңа тақырыпты бекіту барысында есептер шығаруға арналған химиялық эстафета жүзеге асырылды.

Оқушылардың тақырыпты қалай түсінгендігін байқау үшін сөздер банкәсы әдісі қолданылды. Екі жұлдыз бір тілек әдісі ұсынылып оқушылар сабақты түсіндіру барысында топтар бойынша ұнаған екі сәтті атап және бір ұсыныстарын айтты.

Сонымен қатар 8 сыныпта оқушылар химиялық элементтерді өткенде күкіртпен көміртекті, кальций мен калийді, магний мен марганецті шатастырады. Сол олқылықтарды жөндеу үшін жадыны дамытуға арналған ойындарды ойнатамын. 8 сыныпта Менделеевтің периодтық заңы және жүйесі тақырыбын өткенде оқушылардың топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту және алған білімдерін көрсету үшін сөйлемді кеңейтуге арналған детальдарды қосу әдісі орындалды.

Д.И.Менделеев 1869 жылы химиялық элементтер және олар түзетін жәй және күрделі заттардың қасиеттері сол элементтердің атом ядроларының зарядтарына периодты түрде тәуелді болатындығын дәлелдейтін периодтық заңды ашты.

1. Д.И.Менделеев периодтық жүйені жасады.

2. Д.И.Менделеев 7 периодтан, 8 топтан, 10 қатардан тұратын периодтық жүйені жасады.

Проблеманы анықтау және оны шешу мақсатында бүгінгі оқылған материалға байланысты 5 сұрақ жазу керек.

Қорытынды: Сабақ барысында аталған әдістерді қолдану өз жемісін берді. Оқушылар топтаса отырып, ынтымақтастықта, бірлесіп материалды игерді. Материалды игеруде кітаптағы ақпаратты қайталап айту арқылы дайын білім берілген жоқ, оқушылар өзіндік оқу мен проблемаларды шешу арқылы

жұмыс жасады, есте сақтау қабілеттері артты, оқышыларда сұрақ қою дағдысы қалыптасты. Сабақ басында оқушыларға жауапты бағалау критерийлері таныстырылды. Сол бойынша сабақ соңында оқушылар өзін өзі және өзара бағалау жұмыстарын жүргізе отырып, нақты неше балға қол жеткізгенін анықтап отырды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы тақырып ерекшелігіне қарай басқа көптеген тәсілдерді қолдануға болады. Мәселен, «Ақылдың алты қалпағы» (сот сабағына келеді), «Фишбоун», «Жауап беруді талап ететін сұрақтарды жазу», «Дайындал. Назар сал. Оқыңдар» т.б әдістерін қолдану арқылы сабақты түрлендіріп өткен дұрыс. Бұл оқушылардың сабақтан жалықпауына және қызығушылықтарының артуына әсер етеді.

A00031 22.10.2020

Жаңа технологияларды биология пәндерінде қолдану жолдары

ЖОЛДАСБАЕВА ГУЛЬЗАТ АЛТЫНОВНА

Қараганды облысы, Шет ауданы, Ақшоқы ауылы

"Қызылтау" негізгі орта мектебінің биология пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген, соның бірі – білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіләлемдік коммуникация желісіне шығу.

Биология – ХХІ ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімнен зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептердің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс диалогтік әдіс нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір – бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивті тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивті тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дұрыс дайындау керек.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютермен сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым – қатынасы жүйесін, олардың іс - әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоционалдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Сабақта мұғалім интерактивті тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ыңғайлы, әрі уақытты үнемдейді.

Интерактивті тақтаны оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивті тақтаны пайдаланатын мұғалімдер айта алады. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабақ беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады.

Мұғалімдердің пайымдауынша инетрактивті бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады. Мысалы, белгілі бір материалды интерактивті тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға, оны сабақта болмай қалған оқушыларды қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады.

Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгері, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.

Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді.

Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үніліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен

әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер Білім беру – жекелеген кұбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бағдарлама жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту Сыни тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау Бағалау –одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4. Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды АКТ пайдалану Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына сергіту сәтін жүргізуде жас ерекшеліктерді ескеріп отырып орындату қажет.

7. Білім беруді басқару және көшбасшылық Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға саяды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Мектеп жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді.

Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы оқушының өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы оянған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыре ттілігін көрсететін оқушылар дайындалады.

Мен жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Олар:

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар.
- Блок-схема, графиктер, диаграмма, т.б.
- Тірек-схема, көрнекіліктер және анықтама құралдары
- Ойын арқылы оқыту
- Сөзжұмбақ, ребустар
- Тестілеу.

Сонымен қатар «XXI ғасыр көшбасшысы» ойынының компьютерлік нұсқасын өз сабақтарымда пайдаланамын. Оқушылар бұл ойын арқылы өз білімдерін шыңдайды.

Сонымен биология сабағын АКТ көмегімен оқыту төмендегі мәселелерді қамтиды:

Оқушыларға оқылатын табиғат құбылыстарын толық және дәл ақпаратты бере отырып, оқу сапасын арттыру .

1) Оқытудың көркемділігін арттырады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді.

- 2) Оқытудың тиімділігін жоғарылатады және оқу материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады;
- 3) Оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарастарын қаыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын , табиғи сұранысын қанағаттандырады.
- 4) Мұғалімді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемдеген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.
- 5) Мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

Интерактивті тақтаны қолданудың артықшылығы:

- 1) Интерактивті тақтада өтілген сабақтар оқушыларды жаңашылдығымен қызықтырады.

Интерактивті технологияның ерекшеліктері:

- 1) Бормен тақтаға жазған кескінді экрандағы түрлі –түсті, айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын, әрі мүмкін емес. Слайдтарда кемшіліктер мен қателер жіберілсе , тез арада түзетуге болады. Сабақтың өнімділігі артады. Басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнайды.
- 2) Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
- 3) Оқу материалын беру беру логикасына көп көңіл аударады, бұл оқушылардың білім деңгейіне оң әсерін тигізеді . Компьютерге деген қарым-қатынас өзгереді.

Биология пәнінен сабақ өту барысында интерактивті оқыту технологиясын, яғни белсенді «Естігенді мен ұмытпаймын», «Істеген ісіме жауап беремін» әдістерін қолдану оқушыларды іс-әрекеттеріне дұрыс баға беруге тәрбиелейді.

Менің міндетім-сабақта берілген материалдарды оқушылар толық түсіну үшін, қолайлы жағдай туғызамын.

Жақсы білім алу үшін қажетті ұстанымдар:

- Оқушы білім алуға дайын;
- Білім беруге түрлі әдістер мен тәсілдер қолданамын;
- Қайталау –білімді бекіту үшін қажетті элемент;
- Қаншалықты оқу барысы шынайы болса, соғұрлым білім беру тиімдірек.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, Болашақ мамандарға сапалы білім беруге, әлемдік білім кеңестігінен мемлекетімізге лайықты орын алуға білім саласындағы қызметкерлерге тиісті жағдай жасауға айрықша мән беріледі. Ғалымдар жаңа технологияларды көптеп енгізуде. Себебі, жаңа оқыту технологияларын енгізу заман талабына сай білім беру бағыты өзгереді, өздігінен білім ала алатын логикалық пайымдай, талдай, қорытындылай алатын коммуникативті тұлғаны қалыптастыру қажет.

Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылады. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалу керек. Жоғарыда айтылған ой-пікірлерімді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады.

Мектептегі ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенімім мол.

A00033 22.10.2020

География пәнін оқытудың маңыздылығы

ТАТТИМБЕТ БАҚЫТ БАҚЫТБЕРГЕНҚЫЗЫ

Қараганды облысы, Шет ауданы, Ақшоқы ауылы

"Қызылтау" негізгі орта мектебінің география пәні мұғалімі.

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шындалуына байланысты.

Мұғалім-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік – саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу-мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс.

Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шындауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады.

Географиядан берілетін білім мақсаттары:

Негізгі мектепте географияны оқыту төмендегідей мақсаттарға жетуге бағытталған:

- негізгі географиялық ұғымдар, географиялық қабық және оның
- жердің көлемі мен пішіні, оның географиялық маңызы;
- жер шарының халқы, адамзаттың негізгі нәсілдері;
- өзінің туған өлкесі мен Отанына деген патриоттық тәрбие;
- оқушылардың табиғат заттары мен табиғи құбылыстар туралы көзқарасы;
- әлеуметтік- экономикалық міндеттерді географиялық білім негізінде шешу;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, географиялық есептерді шешу.

Географиялық білімнің мазмұны:

Мектепте географиялық білім берудің мазмұндық құрылымы:

- Жер заңдылықтарын нақты түсіндіретін ғылыми білім беру;
- географиялық қабық және табиғат кешендері туралы ілім;
- географиялық зерттеу әдістері: бақылау, далалық зерттеулер;
- табиғи объектілер, жер, оның қабықтары. Материктер мен мұхиттар;
- әлеуметтік-экономикалық объектілер. Аймақтар, елдер, облыстар, аудандар;
- жердегі тіршілік барысын анықтайтын процестер мен құбылыстар;
- табиғи процестер; табиғаттағы су айналымы;
- ауа райы мен климаттың өзгерісі;
- жер бетіндегі тараған негізгі нәсілдер мен халықтар. Жер шары халқының өсуі. **Демографиялық саясат**;
- адамзаттың өмір сүруі мен өмірлік танымы;
- адамның шаруашылық әрекеті, оның қоршаған ортаға бейімделуі;
- қазіргі заман географиясы;
- әлемдік шаруашылық пен ұлттық шаруашылықтың өзара байланысы;
- адамзаттың жаһандық проблемалары.

География сабағын әңгіме, баяндау, тек түсіндіру арқылы оқыту айтарлықтай нәтиже бермейді. Оқушылардың оқу материалын оқып-үйрену кезінде таным белсенділігі жоғары болатын сабақтар білім мен біліктілікті сапалы түрде меңгеруді қамтамасыз ете алады. Тиянақты білім беру, оқу үрдісін жандандыру түрлі әдіс-тәсілді тандай білуге, қолда бар көрнекілікке, құрал-жабдыққа, т.б.көптеген себептерге байланысты.

Мектеп оқушыға жыл бойы нені үйретеді, нені оқытады деген сұраққа педагог мамандар «Табиғатты» деп жауап береді. Адам өмірге келгеннен өмірден озғанынша табиғатпен біте қайнасып, табиғатты зерттеп, табиғатты өлшеп, табиғатты жырлаумен күн кешеді. Демек табиғат адам өміріндегі бітпейтін өлшеусіз лаборатория болып табылмақ.

Осы алып лаборатория — «табиғатты» география пәнінен ажыратып тастау мүмкін бе? Жоқ. Адам ұғымындағы бұл екі сөз атауы жағынан айырмашылық жасағанымен бірлескен біртұтас дүние. Бұл жерде айтпағым, бүкіл оқу жүйесі географияны оқытады дей келе, география пәнін елеусіз тұрғыда қарастыруға мүлдем болмайды демекпін. География пәнін оқыту барысында әрбір сабақты сарамандық жүйеде өтіп келемін.

Ал енді география сабағын сарамандық жүйеде оқыту дарынды оқушының қаншалықты тиянақты білім алуына жағдай туғызатындығына тоқталайық. География пәнін 6-сыныптан бастағанда әр тарау, әр тақырыпты күнделікті оқушының әс-әрекеті арқылы жүргізіп отыру қажет.

Мысалы, «План және карта», «Атмосфера» тараулары оқушымен бірлесіп, әр сабақта картамен, географиялық алаңды пайдалана отырып саамандық жүйеде жұмыс жүргізуге болады. Мұнда топтық, серуен, картаны оқу, географиялық алаңмен жұмыс жүргізу оқушының география пәніне деген қызығушылығын арттыра түседі.

Жетінші сыныпта география пәнін оқытуды күрделендіре түсу керек. Мысалы, әр тақырыпты мұғалім картадан оқып түсіндіреді. Бұл оқушының одан әрі қарай сол жаңа сабақты оқып түсінуіне жағдай туғызады. Осы жүйені қалыптастыру үшін пән мұғалімінің теориялық білімі жеткілікті және әр оқушыда атлас пен контур картасы болуы керек.

Ұлы Абай «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,- дей отырып болашақ ұрапқтан арлы, білімдар, ақиқатшыл әрі еңбекқор, көпшіл, жақсылықты жанқиярлықпен жақтаушы, қайратын жалындатқан, ақыл-парасатын көрегендікке бағыттаған азаматты аңсады. Лайымда, әр жас өрен ұлы Абай аңсағандай азамат атанса, халқымыз адамзат көшінде әркез ардақты орында болары хақ.

Ендеше еліміз тәуелсіздікке қолы жеткен қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі негізгі міндет-ұлтымыздың таным құндылықтарын бойына сіңіріп,салт-дәстүр,әдет-ғұрып мәйегін ұрпақ санасына егу арқылы тәләм-тәрбие беру.

Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады. Заман талабына сай тәрбие беру-мұғалімнің басты міндеті.

A00034 22..10.2020

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі

ХАМЗИНА ЛАЗЗАТ ЕРМЕКОВНА

*Қарағанды облысы Шет ауданы. Ақшоқы ауылы
"Қызылтау" негізгі орта мектебінің психологі*

Мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институттарының қалыптасуына немесе өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге және саяси бағыттардағы осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеріп, мерейін үстем етуде.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менің» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.

Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.

Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.

Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педогогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы мұғалім өзінің білімін, жалпы дүниетанымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық – педогогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады.

Сол кезде ғана мұғалімнің өзіне-өзі баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады. Білім-тоқтаусыз толассыз үрдіс. ХХІ ғасыр білімін біз адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсінеміз. Бұл әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгерте алуға қатыса алуы. Ол арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші дамып, тұлғалығы қалыптасады. Білім – мұғалім үшін оның шығармашылық әлеуетін дамытудың үрдісі.

Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайды. Кімде кім оған қол жеткізгісі келсе әрекет етуі, күш салуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда кез келген білім-ол өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы өз білімін көтеруге негіз болады. Мұғалім шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзіреттілік аясын кеңітеді. Кәсіби құзіреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби

сипаттама. Кәсіби құзіретті еңбек деп мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педогогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуы деп санаймыз.

Кәсіби құзіреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады. Сондықтан оның құрылымына әлеуметтік психологиялық, аутопсихологиялық, коммуникативті, педагогикалық-педагогикалық, әлеуметтік, перцептикалық құзіреттілік жатады.

Мұндағы әлеуметтік-перцептикалық құзіреттілік байқампаздық пен өткірлік яғни тұлғааралық қарым-қатынаста баға бере алушылық, салыстыра білушілік, талдау мен рефлексиялау нәтижесінде басқаның образын қалыптаструдан түзіледі.

Аутопсихологиялық құзіреттілік-тұлғаның өзінің сапаларын өзгертуге дайындығы мен қабілеттеріне бағытталған психологиялық жұмыс. Оның нәтижесінде өзін-өзі дамыту мен жетілдіру, өзіндік ресурстарына әсер етуі қамтамасыз етіледі. Аутопсихологиялық құзіреттіліктің жүйе ретіндегі құрылымдық компоненттеріне;

- рефлексивтік - өзін-өзі бағалау, бақылау
- жобалаушылық - өзін-өзі өзгерту әрекетін жоспарлау
- өзара коммуникативтілік – ішкі диалог
- ұйымдастырушылық – ішкі ресурстарын өзін дамыту үшін аша алуы
- прогностикалық - өзінің даму сәттеріне сүйсінуге қабілеттілік жатады.

Сонымен аутопсихологиялық құзіреттілік-тұлғаның өз білімділігін өзі танып, бағалап, бақылап, дамытуға бағыттауы, мұның нәтижесінде шығармашылық әлеуеттің дамуы жеделдейді деп есетеуге болады.

Рефлексивті құзіреттілік-шығармашылық әрекетті жоғарылататын кәсіби-тұлғалық дамуды жеделдететін рефлексивтік үрдістерде көрінетін тұлғаның кәсіби сапасы. Ол маманның өз тәжірибесін талдау арқылы дамуды ынталандыратын жаңа кәсіби этолондар мен стандарттарды белгілеудегі ролін арттырады.

Рефлексиялық қабілеттері дамыған мұғалімде оған деген тұрақты қажеттілік сезіліп тұрады. Кез келген істі ол өзіне өзі сұрақ беруден бастайтындай дәрежеге жетеді. Бұл мұғалімнің шығармашылық әрекетке қосылуының құралдарының бірі-одан өзіне қатысты белсенді позицияны таңдауды талап ететін рефлексиялық өзіндік диагностика жасауға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің белгілі бір педагогикалық мәселелер туралы барлық ақпаратты жинақтай алуы, оның тиімдісін таңдай білуі, нақты жағдайды шешуге байланысты оған өзіндік қолтаңбамен өзгерістер енгізе алу, осылайша

мәселені шешудің өзіндік жолын таба білу сыни ойлау нәтижесінде жүзеге асады. Бұл жағдайда сонымен бірге тапқырлық пен өнертапқыштық сияқты сапалар қатар дамуға мүмкіндік алады.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім үшін білім мазмұнын, әр оқушының өзіндік ерекшелігін, оқушылар ұжымының артықшылықтарын, соған сәйкес оқуды ұйымдастырудың формалары мен тактикалары жайлы ақпараттарды есінде ұстау қажет. Сонымен қатар оларды дер кезінде еске түсіріп қажетіне жарата алу оның басты құндылықтарының бірі болып табылады.

Кез келген жаңалық ең алдымен адамның қиялында пайда болатындықтан шығармашылық әлеуеттің құрамдас бөлігінің бірі – фантазия. Бұған дейін белгілі фактілерге қатысты жаңа көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Сондықтан оның көркемдік және ғылыми-танымдық құндылығы орасан зор. Қиялдаудан туындаған шығармашылық белсенділік едәуір шамада ішкі ниеттерге, жекелей дарындылыққа және адамның қызметі үрдісінде қалыптасатын даралық тәжірибесіне байланысты. Фантазия арқылы адамның есінде сақталған қабылдау, елес бейнелері қайтадан өңделіп, сұрыпталып, жаңартылып, солардың негізінде мида жаңа бейнелер жасалады.

Фантазия-педагогикалық актінің құрамдас бөлігі. Ол жаңа жоспарлар, бағдарламалар, технологиялар, т.б. жасауда, оны жүзеге асыруда іске қосылады. Нәтиженің қолдай болатынын болжау, бұрынғы елес-бейнелерді өзгертіп бір-біріне қосып, қайтадан бейнелеу арқылы, оқытуда жаңа жолдар табуға көмектеседі. Фантазия арқылы көрнекті ақын, педагог, психолог Мағжан Жұмабаев «Мылқау өмірге үн, сақау өмірге тіл беретін», жоқты бар, ар барды гүлді, көрікті қылатын, бізді асыға аяқ бастырып тәңірмен тілдестіретін сол фантазия» - деген. Шығармашылық әрекет жоғары әлеуметтік қажеттіліктерден туатындықтан оның нәтижесіне қарай қанағаттану немесе қанағаттанбау реакцияларын бастан өткізеді. Бұл эмоциямен тығыз байланысты. Эмоция – толғану, сезім, көңіл-күй деген мағына береді. Эмоцияның жоғары түрі адамның іс-әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Эмоциясыз, сезімсіз ізденушілік болмайды.

Жақсылық ашу өздігінен келе салмайды, оған алдын-ала жасалған қажырлы еңбек құлшындырады десек, дәл сол сәтті шабытты шақ деп сипаттауға болады. Шабыт – адамның рухани күштерінің ширығып өрлеуі, шығармашылық толғанысы. Шабыт жаңа туындының пайда болуына, бастайды. Ол адамның жоғары белсенділігінен, әрекеттің өнімділігімен, шығармашылықтың шаттығын сезінумен «күштарлық» пен эмоциялық ойға шолумен ұштасады. Шығармашылық үрдістің санадан тыс тәрізді болып көрінуі шығармашылықтың өзінің барынша саналығының нәтижесі, сананың

ерекше айқындылығының, ойлар мен бейнелердің өзінше бір үлгіде лықси келіп, айшықтана көрінуінің, естің, зейіннің, идеяны орындауға бағытталған құлшыныс пен ерік-жігердің жемісі. Шабытты шақтарында адам бойындағы бар күш жігермен әрекет етеді.

Шығармашылық әлеует ұғымының құрамалары ретіндегі адамның тұлғалық сапаларының: еркіндік, шешімділік, тәуекелшілдік, тапқырлық, өнертапқыштықтың алатын орны ерекше. Адамның еркіндігі өмірдегі, кәсіби әрекеттегі мәдени әлемдегі өз орнын анықтай алу қабілетінде жатыр. Оның ойлау, пайымдау және әрекеттену еркіндігі жеке кәсіби жауапкершілікті сезінумен сәтті байланысады. Рухани және материалдық құндылықтар әлемінде еркін бағдарлай алу, педагогикалық догмалардан еркін тұлға ғана тәуекелді талап ететін шешімдерді өз мойнына ала алады. Еркін адам өзінің өмірлік позициясы, ұстанымы болғандықтан өзгелерді қайталамай, жаңаша тың жолдармен жүреді. Дәл осы сапа шығармашыл мұғалім үшін аса маңызды.

Шешімділік – адамның өз бетімен жауапты шешімдер қабылдауға және іс-әрекетке оларды бұлжытпай жүзеге асыруға қабілеттілігі. Әрекет белгілі бір шамада тәуекелге барудың және бірнеше баламадан біреуін таңдаудың қажеттілігін туындатады. Осы кезде шешімділіктің маңызы зор. Сол қабылданған шешім үшін жауапкершілікті өзіне батыл алуды, іс-қимылдың дер кезінде болуын оны тез орындай білуді білдіреді. Шығармашылық әлеует-шығармашылық әрекетке негіз бола отырып, шешімді әрекеттің орын алуын қамтамасыз етеді.

Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің құрамына оның кәсіби мәнді сапаларын жатқыза отырып, олардың бастылары ретінде: шеберлік, импровизация мен интуицияны атап өтеміз.

Шығармашыл тұлғаның ерекше қасиеттерінің қатарына педагогикалық импровизация жасай алуы жатады. Педагогикалық импровизация дегеніміз-мұғалімнің алдын-ала жоспарланбаған тосыннан пайда болған педагогикалық мәселені шешу үшін өзінің білік, дағдысы мен іскерлігін шығармашылықпен іске қосуы. Педагогикалық импровизация мұғалімнің шығармашылықпен өзін-өзі дамытуына әсер етуші фактор. Өйткені импровизация кезінде мұғалімнің ішкі күштері мен қабілеттерінің жұмылуы маңызды орын алады. Дәл осы жағдайда шығармашылық туады да әлеуеттің дамуына мүмкіндік жасалады.

Педагогикалық шығармашылықтың орын алуына септігін тигізетін тағы бір басты мәселе –мұғалімнің әртістік қасиеті. Мектеп әрине, театр емес. Дегенмен мұғалім үнемі халық алдында тұратын танымал адам. Олай болса ол аудиторияны меңгере алуы, иландыра білуі, шабыттандыра алуы тиіс.

Педагогикалық әртістік тек әрекетте педагогикалық білім, білік, дағдыны тиімді пайдаланып қою ғана емес, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін эмоцияналдық-бейнелік тетіктер жүйесі арқылы педагогикалық міндеттерді шешу барысында көркемдік логиканы пайдалану.

Педагогика ғылым ретінде ой мен сезімдерді дамытады, адамның құндылық негіздерін бекітеді. Ол педагогикалық үрдістің руханилығын арттырады, оның мазмұны мен формаларын адамсергіткіштік пен мейірімін қанықтырады, шығармашылық, шеберлік сияқты педагогикалық кәсібиліктің жаңа сапасы арқылы жасампаздыққа жеткізеді. Шығармашылық әрекет жоғары әлеуметтік қажеттіліктерден туатындықтан, сол қажеттіліктерді жүзеге асыру арқылы мұғалімнің құзіреттілігі қалыптасады.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім кәсіби құзіреттілікке қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілі-бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ.

Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ .

A00036 22.10.2020

Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы"

КАЙРОШЕВА САНДУГАШ ТУЛЕПБЕРГЕНОВНА.

Ақтөбе қаласы №50 "Алтын бесік" балабақшасы Тәрбиеші

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілдік мәдениетін тәрбиелеу.
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізуге икемделеді. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз.

Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.
6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс -

әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын.

Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш

Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады.

Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңпақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол.

Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

A00037 22.10.2020

«Информатика оқыту әдістерінің жүйесі»

САҒЫН НҰРЛЫГҮЛ НҰРЖІГІТҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, №48 жалпы білім беретін орта мектебі. Физика-информатика пәні мұғалімі

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Оқушылар оқытылатын әр пәндік саланы түсінетіндігін көрсете отырып, алдағы уақытта осы білімдерін басқа жағдайларда қолдана білулері қажет. Сондықтан оқушыларды өз білімдерін кез келген жағдайға қалай бейімдеу керектігін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез келген күрделі тапсырмаларды шешуге икемді болуға баулу маңызды болып табылады. Математика, жаратылыстану сабақтарында логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар, оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы моделіне негізделеді, оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқан сайын зерделенетін материалдар мен білім қайталанып отырады.

Бүгінгі таңда оқушыларды заманауи әдіс–тәсілдермен оқытып, ой–өрісі кең, алған білімдерін өмірде қолдана алатын оқушыларды тәрбиелеу қажет. Сондықтан жаңартылған білім беру заман талабы екенін білуіміз қажет. Кез – келген адам алдына қойған мақсатына ерік – жігерін аямай еңбек ету арқылы, осы жолда өзін – өзі бар қырынан жетілдіру арқылы жетеді. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс- тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту мұғалім жадында сақтауы тиіс дей отырып, **«Жаңартылған білім беру мазмұнының» ерекшелігі қандай? Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі неде деген сұраққа осы уақытқа дейін түйгенім және байқаған, көзімді жеткізген ерекшеліктерді айтқым келеді.**

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. үштілділік саясатты іске асыру;

4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану құзіреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;
2. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;
3. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;
4. Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру. Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы; Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру; Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы; Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу) болып табылатынын бәріміз оқып білдік

І ерекшелік: Осының ішіндегі ең басты ерекшелік- Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі және алдыңғы қолданған жаңа технологиялардың(СТО, дамыта оқыту, модульдік оқыту) барлығының осы жаңартылған білім бағдарламасына тоғысуы екенін түсіндім. Шешуін кез келген мұғалім сабақ беру барысында түсінеді.

II ерекшелігі- 1.Оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым);
Ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);

3.Шығармашылық ойлау дағдысы

4.Логикалық ойлау дағдысы

Сыни ойлау дағдысы

Алгоритмдік ойлау дағдысы

7.Критикалық ойлау дағдысы

8.Проблемалық ойлау дағдысы

9.Технологиялық ойлау дағдысы

10.Тілдік күзіреттілік дағдысы

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Бұл дағдылардың барлығы алдыңғы оқыған жаңа технологиялардың барлығында кездеседі.

Екінші басты ерекшелік болып табылатын- оқу

дағдыларының(оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) болып 4-ке бөлінуі.

III ерекшелік: Оқушының ішкі уәжі туралы айтылуы.

Мұғалімнің ең алдымен оқушының оқуға деген уәжін қалыптастыруға баса назар аударғаны дұрыс, себебі жеке тұлға ретінде және кәсіби тұрғыдан өсу осы психологиялық өлшеммен тығыз байланысты. Оқушыға тиісті еркіндік беру, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру, оқу материалын маңызды ақпараттармен қамтамасыз ету оқушының оқуға деген ішкі уәжіне игі ықпал етеді. Сонымен қатар, заман талабына сай оқушысына берері, айтары көп болуы үшін мұғалімнің өзі де үнемі білімін жаңартып, жетілдіріп отыруы тиіс. Оқушы оқу қажет болғаннан емес, өз еркімен оқуға ынталанып, өздігінен уәжделуі тиіс. Оқушы өзінің жаңа білімдері мен дағдыларын іс жүзінде өз тәжірибесінде қолдануға болатынын көргенде және шынайы өмірден алынған жағдаяттарға негізделген өздерінің күнделікті тәжірибесімен байланысты болғанда, олардың оқуға деген ынтасы артады.

Мысалы: Компьютер, ақпарат тақырыбында эссе жазып келуге тапысырмалар беріледі, сол кезде қарапайым мысалдар келтіруде өмірден, қоршаған ортамен байланыстырып мысал келтірсе не өмірден түйгенінен мысал келтіре пікір жазса болады. Эссені оқыған оқушыға қолдау көрсетіп, марапттап, бағдар берсе, жақсы жазылған жұмысты ертең ақ бетке жазып алып кел деп ерекшелігін айтып отырса, кез келген оқушыда ішкі құлшыныс пайда болады. Яғни жұмысының керек екенін сезінеді.

IV ерекшелік: Екінші ерекшелікте айтып кеткен оқу дағдысындағы 4 дағдының оқылым, айтылым, жазылым дағдыларын көбінесе басшылыққа алдық та « тыңдалым» дағдысы назардан тыс қалып отырды. Тыңдалым дағдысы оқу мақсаттарында жеке басшылыққа алынып, бөлек енуі де

ерекшелік деп айтар едім. Кез келген мәтінді тыңдата отырып әр түрлі ресурстар арқылы оқушыны ынталандыруға болады.

Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Сабағымызда әдіс- тәсілдерді, яғни стратегияларды шеберлікпен қолдану қажеттігін өзіміз де әлі үйреніп жатырмыз, бұрынғы дәстүрлі сабақтардағыдай дайын идеяларды ұсынып, өзіміз түсіндіріп сыныпты басқарып жатқан жоқпыз., оқушылардың өздеріне білім мен идеяларды құруға мүмкіндік беріп жатырмыз.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді.

Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі.

Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

A00039 22.10.2020

**Химия сабағында оқушылардың сыни
тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту**

МАНАБАЕВА ГАВХАР НУРЛИБАЕВНА
Шымкент қаласы. С.Көбеев атындағы № 56
жалпы орта мектептің химия пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы өзінің ғылыми техникалық, экономикалық, ресурстық және рухани дамуының жаңа деңгейіне бағытталуда. Республика өміріндегі бұл өзгерістер, сөз жоқ, білім беру саласына, соның ішінде мектепте оқушыларды дара тұлға етіп тәрбиелеу ісіне де әсерін тигізуде. Сондықтан мектеп оқушыларын ғылыми білімінің қоғамдық қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды отандық, ұлттық және әлемдік мәдениет арналарынан сусындату – басты міндет болып қала береді. Өйткені егеменді елдің ертеңі оқу-білімнің тереңдігімен өлшенеді. Толассыз, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді толассыз дамытуды талап етеді. Осыған байланысты мектептегі оқушыларды дара тұлға етіп тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мақсаты мынадай болуы тиіс:

- Оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге бағыттау.
- Білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу.
- Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту.
- Аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Жеке адамның қалыптасуына табиғи және әлеуметтік орта ықпал жасайтынын ескерсек, берілетін білімді ізгілендіру, әсіресе химия мазмұнын осы бағытта жүзеге асыруда мүмкіндіктері молдығын байқаймыз. Себебі, адам, табиғат, қоғам бір-бірімен тығыз байланысты. Адамның дамып жетілуіне мүмкіндік туғызатын орта болса, сол қоршаған орнаның табиғат байлықтарын, табиғи жағдайларын мектепте оқытып үйрететін пән – химия.

Елбасының 2018 жылы жарияланған Жолдауында да селт еткізер жаңалықтарға толы болды. Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақ-мерзімді басымдықтары белгіленген. Басым бағыттар бойынша білім беру саласына да көңіл бөлген. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Оқушыларға сапалы да, терең білім мен саналы тәрбие беруіміз керек. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игере білуі тиіс.

Қазіргі таңда «Көшбасшылық», «СТО», «Оқыту және оқу үшін бағалау» т.б. модулдер сабақтарда қолданылып келе жатыр. Бұл модулдер арқылы оқушылардың белсенді ойлау қабілетін арттырады.

Сабақтың тиімділігін арттыруда қалай оқыту керек? дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Әдіс – жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыра-тын оқу процесінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат – мазмұн – форма – оқыту әдісінің құралдары» көрсетеді. Жаңаша жұмыс істеу, педагогикалық еңбектің жоғарғы тиімділігіне жету – қайта құру талабы. Оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруда оқушылардың белсенді ойлау қабілетіне қозғау салудың маңызы зор. Осы орайда мұғалімдер сабақты түрліше әдіс-тәсілдер мен стратегияларды қолданып, оқушының жеке қабілеттерін ашуға, оқушының сыни тұрғыдан ойлануға үйрету. Бұрынғы білім беру жүйесі авторитарлық бағытта болған деп кері пікір қалыптасқан. Қазіргі кездегі жаңа технологиялардың негізі Кеңес одағы дәуіріндегі білім беру жүйесінде де қалыптасқан еді. Сол уақыттарда шығармашылықпен іс атқаратын тәжірибелі ұстаздарда да болған. Бірақ, бүгінгі талап пен мақсатқа жетудің ынтасы басым болып отыр. Неге мен Кеңес дәуіріндегі білім беру жүйесіне тоқталып отырмын?. Себебі, менің қолымда 1989 жылы Шымкент облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының химия кабинетінде Арыс ауданы «Спутник» орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі Оңғарбаев Қалимұлланың іс-тәжірибесі зерттеліп, басылып шыққан, әдістеме бар. Аталған әдістемеде сол уақыттағы Қалимұлла ұстаздың іс-тәжірибесіндегі «Жетілдірілген бағдарлама» бойынша бүгінгі таңдағы қойылып отырған, жаңа технологиялардың элементтері көрініс тапқан.

«Дамытушы буын» әдісі – оқушыны ойша елестетуге үйретеді.

СТО – оқушылардың ойша, сыни тұрғыдан ойлануға үйретеді.

«Тақырыпты өзгертіп беру» әдісі - мұнда оқушылардың еріксіз есте сақтаудың, ерікті есте сақтаудан тиімді екенін дәлелдейді. Мұғалім бір рет тірек-сызба арқылы түсіндірсе, кейін сыныпта оқушылар тірек-сызбамен сөйлеп үйренеді. Бұл әдісте оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу байқалады.

Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

Білім стандартына сәйкес сынып оқушылары жас шамалас, сондықтан оқулықта берілген тапсырманы орындатуда жұптық жұмыс түрін ұйымдастыру керек. Оқушылар пікірлесе отырып, тапсырманы дұрыс орындайды.

«Болжам» әдісі - бұл тәжірибенің нәтижесін алдын ала болжау оның нәтижесін түсіндіріп беруден қызық. Тәжірибені жасағаннан кейін бір ғана

оқушы бүкіл сыныпқа түсіндіретін болса, «болжам» жасау бүкіл сыныпқа тапсырылады. Оның нәтижесін сынып болып ойларында «сенім мен сенімсіздік» күресе отырып асыға күтеді.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.

Бұл модуль «Қалай оқу керектігін үйрену» және «диалог негізінде оқыту мен оқу» әдістерін қарастырады. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы білім алуын көздей отырып, «диалог негізінде оқыту» әдісін қолдану.

Көрсетілім кезінде «***Ойын элементтерін қолдану***» әдісі – оқушыға таныс заттармен көрсетілім жасау. Бұл әдісті биология сабағына да қолдану тиімді

Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу

Химия пәнінен жас ерекшеліктеріне байланысты олардың ойларының даму деңгейін ескере отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ойын элементтері қолдану.

«***Бәрін де білгім келеді***» бақылағыш қондырғы аппарат – оқушы білімін бақылауды, жаттықтыруды іске асырады. Топтық жұмыс, олар жұмысты «лидердің» басшылығымен атқарады. Бұл әдісте диалог, пікірталас туғызады.

Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Аталған модуль топтық жұмыстарда дарынды және талантты оқушылар да көшбасшы бола алады. Топ жетекшісі болған оқушылары топтық жұмыс жасау барысында өздерін көрсете біледі. Олар жұмыс барысын ұйымдастырып, тапсырмаларды бөлісе орындап, топ мүшелерін жұмысқа тартуынан олардың көшбасшылық қасиеттерін байқауға болады

Электрленген аппаратты пайдалану әдісі – техникалық құралдағы бақылағыш лампылардың жануы оқушы ойын еліктіріп, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану. Электронды құрал-жабдықтарға негізделген АКТ, интербелсенді тақта мен ғаламтор желісі мүмкіндіктерін пайдалану, солардың көмегіне сүйену арқылы сабақ өтуге дайындаламыз.

«***Бағалау***» әдісі – әр әдісті қолданғанда өзі-өзі бағалау, топтық жұмыста, ұжымда, жеке жұмыстар бойынша бағалау үшін жеке журнал арналған. Оқушылардың жақсы оқуына ықпал жасау және білім сапасын айқындау мақсатында жүзеге асырылған.

Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау Оқушылардың жақсы оқуына ықпал жасау және білім сапасын айқындау мақсатында жүзеге асырылған.

Қай кезеңде болмасын балаға сапалы білім беру - кез келген ұстаздың міндеті.

Жеті модуль бойынша оқытасың ба немесе ішінара элементтерін қолдансаң ба?- оқыту сапасын дамыту жолында оқушылардың пәнге қызығушылығын тиянақты қалыптастыру тәсілі ұсынылады. Ол мақсатқа жетудің негізгі жолы

– оқушылардың белсенді ойлау қабілетін арттыру болып табылады. Оқу үрдісінде материалды сабақта игеруді мақсат етіп қою керек. Бұл менің Кембридж бағдарламасын салыстырудағы мақсатым екеуінің сабақтастығын көрсеткім келді. Оқу үрдісі, негізінен, материалды сабақта игеруді мақсат етіп қоюдан бастау керектігі көрсетілген. Сабақтың тиімділігін арттыруға баса назар аударылады. Себебі оқушылардың белсенді ойлау қабілетін туғызбайынша, ұстаз қанша күш жұмсағанымен, нәтижесі болмайды. Мұғалім өз сабағында әңгіме, лекция бақылау, өз бетінше оқулықпен жұмыс істеу, үлестірмелі материалдарды, әсер етуші көрнекі құралдарды тиімді пайдаланып, оқушылардың танымдық әрекетіне басшылық жасайды, сұрақтарға жауап іздестіруге бағыттайды.

Чех педагогі Я.А.Коменскийдің ілімінен бастап бүгінге дейін оқу әдістемесінде білім беруді ұйымдастырудың басты формасы – сабақ. Әрбір сабақ – жаңалық болу керек. Сондықтан әр мұғалім сабақ өткізу кезінде алдымен сабақтың құрылымын анықтайды. Ол сабақтардың құрылымы әр түрлі болып, оқыту әдістері, мұғалімнің дайындығы, ізденісі жоғары деңгейде болуы керек. Осыны басшылыққа ала отырып, сабақтың әрбір кезеңін жіті қадағалап көңіл бөліп отырамын. Сабақ кезінде әр оқушы пән мұғалімімен бірге сабақта берілетін материалдарды бірлесіп талқылап, тұжырымдап, қорытындылап, негізгі ойды әрі қарай жалғастырып отыратын күйге жеткенде ғана тақырыптың негізгі мазмұны ашылады. «Дамытушы буын», «ойша елестету» әдістерін енгізбесе оқушы тақырыпты жаттап алады, немесе түсінбейді. Жаттап алу әдіске айналған жағдайда ол оқушыны жалған жауапқа ұрындырады. Білім тиянақты, дәлелді, нақты болмайды. Бұл әдіс қазіргі «Сыни тұрғысынан ойлау» әдісінен еш айырмашылығы жоқ.

Оқушының сыни тұрғыдан ойлау белсенділігін дамыту.

Сабақ – мектепте оқыту мен тәрбиелеудің негізгі формасы. Мен сабақтарда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау белсенділігін дамытуда кез келген әдістемелердің элементтерін кіріктіруге тырысамын. Менің 8 сыныптағы «Судың құрамы, физикалық, химиялық қасиеттері» атты сабағымда СТО әдісі мен Блум таксономиясы кіріктірілген. Сабақтың барысында оқушыларды топтарға бөліп, ұйымдастыру кезеңі өткізілді. Үй тапсырмасын сұрау барысында да «Жұмбақ сурет» әдісін, «Кереметтер елі» сияқты ойын элементтерін қолдандым. Сабақ барысында тақырыпты ашу барысында сыни тұрғыдан ойлауына жағдай жасадым. Тақырыпты ашу үшін рөлдік ойын енгіздім. Осы кезде оқушылардың санасында өзгеріс пайда болды. Себебі мұғалім үнемі ізденісте болуы керек. Оқушыны сыни тұрғыдан ойлануы арқылы алған білімін өмірде мен қолдана алуына жағдай жасауы керек. 8 сыныптарда химия пәнінде алғашқы ұғымдары беріледі. Бұл әліппе іспеттес.

Сондықтан оқушының сабақтағы материалдарды меңгеруіне ой-өрісін дамыту, қызығушылығын арттыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады. Сыни тұрғыдан ойлану еріксіз есте сақтаудың ерікті есте сақтаудан тиімді болады. Түсіну мен жинақтау барысында судың химиялық қасиеттерін үйрету үшін мен сабақта оқушыларға таныс заттар арқылы тәжірибе жасадық. Оқушылардың бәрін белсендіру үшін осындай «ойын элементтерін» енгізсе, оқушы қызығады. Мысалы, оқушыға Судан қалай сүт алуға болады? «пассив» оқушыға дейін қызығады, себебі судан сүт ала алмаймыз. Бірақ сүтке ұқсас зат аламыз. Ол үшін сөндірілмеген әк, су химиялық стақан қажет болады. Тәжірибе нәтижесінде сөндірілмеген әкке су құямыз, нәтижесінде аппақ ерітінді түзіледі. Оны әк суы деп атаймыз. Әк суын қозғап отырсаң, сүт сияқты болып көрінеді. Бұл «ойын» элементі. Шын мәнінде бұл сөндірілмеген әкті сөндіру деп түсіндірдім. Бұл тәжірибені өмірде көп көреді. Апа-әпкелері, жеңгелері үй тұрмыста көп қолданатынын біледі. Сол сияқты «Жасырын жазу», «Су-еріткіш» сияқты тәжірибелерді қолдандым. Осындай өмірмен байланыстырып өтсек, оқушының санасында «мәңгі» қалатыны сөзсіз. Біз кез келген тәжірибені осындай «сыни тұрғыдан белсендіру» арқылы жетілдірсек, онымыз ұтымды болады. Сабақ барысында мен АКТ-ны, «Жанұя» әдісін тиімді қолданамын. Бұл сабақтың сапасын арттыруға өз септігін тигізеді.

Қорыта келгенде, бұл оқыту тәсілдерімен өткен сабағымда оқушылар тапсырмаларды орындауға өте қызығып кірісті, белсенділігі артты. Олар тапсырмаларды орындау мәнін білді және алдында алған білімдерімен байланыстыра отырып, өзіне қорытынды жасауды үйренді.

Еңбек сіңіріп меңгерген оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерімізді тәжірибе барысында толықтай пайдалану үшін мектебімізде заман талабына сай оқытуда АКТ-ды толықтай пайдалана алсақ, ғаламтор желісіне қосылу мүмкіндік барлық оқу кабинеттерінде қолжетімді болса, интербелсенді тақталарды, дербес компьютерлерді қолдансақ талай мақсаттар орындалатыны сөзсіз.

Осылайша Қалимұлла ұстаз бен Бағдарламаның жеті модулін қолдана отырып өткізген сабағымнан негізінде оқытуға қызығушылығым арта түсті. Ұстаздың қолданған әдіс-тәсілі де, Көптен күткен серпіліс енгізіп отырған оқытудағы Кембридж тәсілдерінің теориялық негіздері де уақыт талабына сай қажеттілік екеніне көзім жетті. Сондықтан құзырлылығымды арттыру мақсатында, бұл жаңа әдіс-тәсілді өзім үшін әлі де болса тереңірек меңгеріп, тәжірибеме енгізуді көздеп отырмын. Өсіп келе жатқан еліміздің болашақ қалаушыларына жоғары деңгейлі білім беруді негізгі мақсат етіп алдым, себебі біздің алдымызда қызықты да қиынды үлкен міндеттер тұр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуына ықпал ететін

бүгінгі ұрпақты білім шыңына бағыттау – мен үшін өмірлік ұстанымым. Оқытудағы басқару мен көшбасшылығым – өз білімімді жетілдіріп, кәсіби біліктілігімді арттыру деп түсінемін.

Оқушыларды уақытты тиімді пайдалануға дағдыландыру арқылы топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру, өзін-өзі бағалауды жүйелі қолдану. Қоғамда өз орын таба алатындай ұрпақ тәрбиелеу қай педагогтің болса да алдына қойған үлкен мақсаты. Дәл сондай дүниетаным қалыптастыруға білім жүйесінің сапалығы, тәрбие жұмысының тереңдігі әсер ететіні сөзсіз. Ол үшін ұстаз – басты әрі шешуші тұлға болуы қажет. Сабақтың құрылымын толық меңгертуге ұстаздың ізденімпаздығы мен оқыту шеберлігі, шығармашылығы басым болуы керек деп ойлаймын.

МАЗМҰНЫ

- АНЕТОВА ДИНАРА ОРАЗАЛИЕВНА
- АХМЕТОВА ГҮЛДАНА ПЕРНЕБАЕВНА
- СЫЗДЫКОВА АЙЖАН САРСЕНБЕКОВНА
- РАХИМБАЕВА МЕНДИГУЛ ТУРАРОВНА
- ЖОЛДАСБАЕВА ГУЛЬЗАТ АЛТЫНОВНА
- ТАТТИМБЕТ БАҚЫТ БАҚЫТБЕРГЕНҚЫЗЫ
- ХАМЗИНА ЛАЗЗАТ ЕРМЕКОВНА
- КАЙРОШЕВА САНДУГАШ ТУЛЕПБЕРГЕНОВНА
- САҒЫН НҰРЛЫГҮЛ НҰРЖІГІТҚЫЗЫ
- МАНАБАЕВА ГАВХАР НУРЛИБАЕВНА